

«Бекітілген»

«1» қыркүйек 2021 жыл

Құрылтайшы *Жамал* Кажигумаров



«Балбөбек» жеке бөбекжайының

Жарғысы

Қызылоба – 2021

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. ЖК «Ереулан» «Балбөбек» жеке бөбекжайы» деп аталады.

2. Заңды мемлекеттік жайы.

Индекс 0903409

Батыс Қазақстан облысы

Жаңақала ауданы, Қызылтаба ауылы Молдағалиев көшесі №2/й

3. Бөбекжай заңды тұлға болып табылады. Заң және осы Жарғы шеңберінде көрсетілген барлық құқықтарды толық иеленеді, дөңгелек мөрі, штамп, банктерде есеп және басқа да шоттары, дербес балансы, атауы бар.

4. Мекеменің құрылтайшысы болып танылады.

5. Бөбекжайдың мемлекеттік тілдегі атауы:

ЖК «Ереулан» «Балбөбек» жеке бөбекжайы»

Орыс тіліндегі атауы: «Частный ясли – сад «Балбөбек»

II. БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ ҰЙЫМДЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ НЫСАНЫ, ТИПІ ЖӘНЕ ТҮРІ.

6. Бөбекжай Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңы, «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары», Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің нормативтік және құқықтық актілері, Уәкілетті орган және оның құрылымдық бөлімшелерінің шешімдері мен өкімдері және осы Жарғы негізінде әрекет етеді.

7. Бөбекжай Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңына және қолданылып жүрген заңнамаларға сәйкес Мемлекеттік аттестациядан өтеді.

8. Бөбекжайды құру, тарату және қайта құруды, Жарғыны, Жарғыға енгізілген өзгертулер мен толықтыруларды бекітуді құрылтайшы жүзеге асырады.

9. Бөбекжай тағам өнімдерінің Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген нормасын есепке ала отырып, балалардың тамақтануын үйлестіруді қаматамасыз етеді.

Бөбекжай балаларды тамақтандыру жұмыс режимін сақтау арқылы жүзеге асырылады.

10. Бөбекжайда ұйымдық құрылымдар, саяси партиялар, қоғамдық-саяси қозғалыстар мен ұйымдар құруға және қызметіне жол берілмейді.

11. Бөбекжай 3 топтан тұрады, 75 балаға арналған мемлекеттік жалпы бөбекжай болып табылады.

12. Бөбекжай дербес мекеме ретінде ұйымдасқан және күндізгі режимдегі топтары бар.

III. КӘСІПОРЫН МАҚСАТЫ, ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІНІҢ МӘНІ

13. Бөбекжайдың негізгі мақсаты:

1). Мектеп жасына дейінгі балалардың дене және психологиялық саулығын қорғау және нығайту, оларды салауатты өмір салтына тарту; Мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік және жеке басының дамуын қамтамасыз ету, олардың мүдделерін қанағаттандыру, жалпы адамдық және ұлттық құндылықтарға тарту негізінде қабілеттіліктерін дамыту;

2). Мектепке жасына дейінгі балалардың зияткерлік және жеке даму қасиетін жүзеге асыра отырып, оларға ұлтжандылық және адамгершілік қасиеттерін үйрету барысында қызығушылықтарын қанағаттандыру.

3). Мектеп жасына дейінгі балалардың өз бетімен сөйлеуге деген бастамасын, құштарлығын, еркіндігін және қабілеттілігін дамыту;

4). Бес (алты) жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды бөбекжайда жүзеге асыру, бес жастан бастап мектеп алды дайындықпен қамтамасыз ету;

5). Тәрбиеленушілердің ата-аналарымен бірігіп жұмыс істеу;

6). Бөбекжайдың басты міндеті ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарға, ғылымның жетістігі мен тәжірибеге негізделген мектепке дейінгі тұлғаның тәрбиесіне арналған тиісті жағдай жасау болып табылады.

7). Иемдену мақсаты:

8). Білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін жағдай жасау;

9). Балалардың шығармашылық, рухани, зияткерлік және физикалық мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік, салауатты өмір салты негіздерін қалыптастыру;

10). Өз Отаны-Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншіліктерін және мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге тәрбиелеу;

11). Отандық мәдениетке тарту, қазақ халқының және республикада тұрып жатқан басқа да халықтардың салт-дәстүрімен таныстыру;

12). Оқытудың, білім беру ақпаратының жаңа технологиясын енгізу.

13). Бөбекжай қызметінің мәні:

14). Мектеп жасына дейінгі балаларға тәрбие беру және оқыту;

15). Ата-аналарды педагогикалық ағарту жұмыстарына бейімдеу.

IV. БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ МАҚСАТЫ, ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАТЫН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ТІЗБЕГІ КӘСІПОРЫННЫҢ ЕҢБЕК ЕТУ ТӘРТІБІ

14. Білім беру процесінің мақсаты:

1). Баланың ақыл-ой, адамгершілік және дене бітімінің дамуын қалыптастыру, шығармашылық мүмкіндіктерін барынша ашу, жалпы адамдық құндылықтарға бағыттау, мектепте оқуға дайындау.

**Жаңақала ауданы Қызылоба ауылы КХ «Ерсұлтан» «Балбөбек» жеке
бөбекжайы»**

Қамқоршылық кеңес хаттамасы №3

Өткізілген күні: 29 маусым 2026 жыл

Қатысқандар: қамқоршылық кеңес төрағасы Серікова Гулден Бекайдарқызы

1. Амирова Жансая Жумагелдикызы
2. Шапекенова Алтынгүл Жасулановна
3. Хафизова Кәмшат Сырымбетқызы
4. Еслямғалиев Жанболат Темирболатович
5. Ермек Гулжаухар Камбарбекқызы
6. Төремұратова Жанар Мақамбетқызы
7. Қарағойшина Махаббат Амангелдиевна
8. Ерғазы Айбибі Еділқызы

Өзін-өзі бағалау комиссия мүшелері;

Комиссия төрайымы – Исмагулова С.М. КХ «Ерсұлтан» «Балбөбек» жеке бөбекжайының меңгерушісі;

Комиссия мүшелері:

Тлесова Д.А.- КХ «Ерсұлтан» «Балбөбек» жеке бөбекжайының әдіскері;
Ихсанова А.Ш.- КХ «Ерсұлтан» «Балбөбек» жеке бөбекжайының тәрбиешісі;
Хайруллина А.Ж.- КХ «Ерсұлтан» «Балбөбек» жеке бөбекжайының тәрбиешісі;
Игизбаев Р.- КХ «Ерсұлтан» «Балбөбек» жеке бөбекжайының есепшісі;

Күн тәртібінде:

Өзін-өзі бағалау есебін тыңдау (жауапты өзін-өзі аттестаттау комиссия төрайымы С.Исмагулова)

Тыңдалды:

1. Исмагулова С.М.- Өзін-өзі аттестаттау комиссия төрайымы, меңгеруші; КХ «Ерсұлтан» «Балбөбек» жеке бөбекжайында 2026 жылдың 01-30 маусым күндері аралығында 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарына өзін-өзі бағалау жүргізілді.

Комиссия мүшелері:

Тлесова Д.А.- КХ «Ерсұлтан» «Балбөбек» жеке бөбекжайының әдіскері;
Ихсанова А.Ш.- КХ «Ерсұлтан» «Балбөбек» жеке бөбекжайының тәрбиешісі;

VI. ТӘРБИЕ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

22. Бөбекжай әрбір жас деңгейіне арналған мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес мемлекеттік тілде білім береді.
23. Бөбекжайда оқу-тәрбие беру қызметіне қосымша және үш тілде оқытуда бағытталған (қазақ, орыс және ағылшын тілі).
24. Бөбекжай келісім-шарт қорытындысы негізінде, ақылы түрде қызмет көрсетуге құқылы. Ақылы қызметтерді көрсету тізімімен тәртібі қолданыстағы заңнамалар негізінде асырылады.
25. Бөбекжай ата-аналар мен балаларға әлеуметтік педагогикалық, психологиялық және медициналық-сауықтыру бағыттары бойынша кеңес беру әрекетін жүргізеді.
26. Бөбекжайдың тәрбие және білім беру қызметі бағдарламалар мен оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.
27. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттер режімі мектеп жасына дейінгі балалардың жас кезеңдеріне сәйкес келеді және МЖМББСтандарты мен СанПинге сәйкес өңделеді.
28. Балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау мақсатында медициналық қызметтер, штаттық медициналық қызметкерлер міндеттері шегінде, барлық балаларға тегін көрсетіледі.
29. Бөбекжай құжаттамасы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бекітілген типтік нұсқауға сәйкес жүргізіледі. Бөбекжай есебі аталған нұсқау мен мемлекеттік статистика орган талаптарына сәйкес ұсынылады.
30. Бөбекжай мен ата-аналар немесе заңды өкілдер арасындағы өзара қарым-қатынастар баланы бөбекжайға қабылдаған кезде жасалатын шартпен реттеледі. Шартта баланың мектепке дейінгі ұйымға бару режімі, тамақтану жиілігі, қосымша білім беру, сауықтыру қызметтерін көрсету деңгейі және ұсыну мерзімі, мектепке дейінгі ұйымда баланы күтіп-бағу ақысының мөлшері, қосымша ақылы қызметтер және өзге де жағдайлар айқындалады.

VII. БІЛІМДІ АҒЫМДЫҚ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ

31. Білім беруді басқарудың мемлекеттік органдары мен Кәсіпорын мамандары кезеңдік аттестаттау және тексеру жүргізу арқылы білім беру сапасын бақылайды.
32. Дамудың базалық деңгейін бағалау мектеп жасына дейінгі балалардың психофизикалық дамуының ғылымға негізделген нормативтері және олардың білімдері мен дағды деңгейлері негізінде, балаларды мектепке дейінгі ұйымда тәрбиелеу және оқыту Бағдарламасына, МЖМББСтандартына сәйкес жүргізіледі.
33. Балалар келесі жас тобына көшу кезінде тестілеуден өтпейді.

VIII. БӨБЕКЖАЙДЫ БАСҚАРУ

34. Сәйкес саланың өкілетті органының құзыретіне кәсіпорынның қаржылық-шаруашылық, тәрбиелеу мен оқыту жұмысын және Қазақстан Республикасының алдын-ала қолданылып жүрген заңнамаларға сәйкес өзге де қызметтерін бақылау кіреді.

35. Бөбекжайды басқару Қазақстан Республикасының заңнамасына, мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары мен Бөбекжай Жарғысына сәйкес жүзеге асырылады. Педагогикалық кеңес және қызметкерлердің жалпы жиналысы бөбекжайдың алқалық басқару формасы болып табылады.

36. Бөбекжайды басқару меңгеруші басшылығымен жүргізіледі.

37. Бөбекжай меңгеруші жеке жауапты:

1). Тәрбиеленушілер мен бөбекжай қызметкерлерінің құқықтары мен бостандықтарының бұзылуына;

2). Оның құзыретіне қатысты қызметтердің орындалмауына;

3). Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарт талаптарының орындалуына;

4). Тәрбиелеу мен оқу процесі кезінде тәрбиеленушілер мен бөбекжай қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығына;

5). Қаржылық-шаруашылық қызмет жағдайына, сондай-ақ заттың және ақшалай қаражаттың мақсатты жұмсалуына дербес жауапкершілік жүктейді.

38. Меңгеруші қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес бөбекжай атынан сенімхатсыз әрекет етеді.

39. Меңгеруші мемлекеттік және жеке ұйымдар мен басқа бөбекжайларда оның мүдделерін білдіреді.

40. Меңгеруші амалдарды реттеп, шарт жасасады, сенімхаттар береді, банктерде есеп айыру және өзге де шоттарын ашады.

41. Меңгеруші өз құзыреті шегінде бөбекжай жұмыскерлерінің орындауына міндетті бұйрықтар мен өкімдер шығарады, жазаға тартады;

42. Меңгеруші құжаттарға қол қою құқығына ие.

43. Меңгеруші кадрларды дербес іріктеп тағайындайды, жұмыскерлерді Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес қабылдау және босату құқығын иеленеді.

44. Меңгеруші бөбекжайдың және Кәсіпорын қызметкерлерінің аттестациядан өтуін ұйымдастырады, кадрларды тағайындау кезінде аттестация қорытындысын ескереді.

45. Меңгеруші бөбекжайда тәрбие мен білім беру процесінің тәрбиелеу және оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарт талаптарына және санитарлық-гигиеналық нормаға сай жүзеге асырылуына жағдай жасайды.

46. Меңгеруші балалар мүддесі мен отбасы қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған қосымша қызметтерді ұйымдастырады.

47. Меңгеруші баланы бөбекжайға қабылдау кезінде ата-аналарын немесе оларды алмастыратын тұлғаларды бөбекжай Жарғысымен, тәрбие және білім беру қызметін жүргізу құқығын беретін лицензиямен және тәрбиелеу мен оқу процесіне қабылдау және ұйымдастыру тәртібін белгілейтін басқа да құжаттармен таныстырады.
48. Меңгеруші бөбекжайда бекітілген мүліктің тиімді пайдаланылуын және сақталуын қамтамасыз етеді.
49. Бөбекжай меңгерушісі білім беру мекемесіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыстардың жағдайына тікелей жауапты.
50. Бөбекжайды басқару дара басшылық және алқалық басқару қағидаты бойынша құрылады.
51. Алқалық басқару нысаны болып мектепке дейінгі ұйым кеңесі, педагогикалық кеңес, қамқорлық кеңесі танылады. Кеңестердің жұмысын ұйымдастыру ережесі, олардың тағайындалу тәртібі Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органымен бекітіледі.
52. Меңгерушінің еңбек демалысында, іс сапарда немесе ауруына, байланысты Кәсіпорынды басқару, білім беру бөлімі келісімімен әдіскерлердің біреуіне жүктеледі.

ІХ. ТӘРБИЕ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ, ОЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

53. Бөбекжай жұмыскерлері штатын, жалақы төлеу шартын, олардың құқықтары мен міндеттерін жинақтау тәртібі бөбекжайдың білім беру процесіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңымен, мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларымен белгіленеді.
54. Балалар, ата-аналары немесе оларды алмастыратын тұлғалар, тәрбиешілер және басқа да педагогтар бөбекжайдың білім беру процесі қатысушылары болып табылады.
55. Бөбекжайдың педагогикалық іс-әрекет қызметіне берілген қызмет бойынша іс-әрекет бұл лауазым бойынша жұмыс істеу сот шешімімен рұқсат етілмеген тұлғалар жіберілмейді.
56. Педагогтар мен қызметкерлер ҚР еңбек кодексына сәйкес жеке еңбек шартына қол қойғаннан кейін директордың бұйрығымен қызметке қабылданып, босатылады.
57. Бөбекжайдың педагогикалық қызметкерлері құқылы:
- 1). Кәсіптік қызмет жағдайын қамтамасыз етуге;
 - 2). Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарт талаптарын орындау кезінде педагогикалық қызметті ұйымдастырудың тәсілдері мен түрлерін ерікті түрде таңдауға;
 - 3). Ғылыми зерттеулердің тақырыптары мен бұл жұмыс нәтижелері түрлерін педагогикалық тәжірибеде ерікті түрде пайдалануға;
 - 4). Оқу процесін басқару органдарының жұмысына қатысуға;

- 5). Бес жылға бір рет төрт айдан артық емес мерзімде жұмыстан қол үзбей бюджет қаражаты есебінен өз біліктілігін арттыруға;
 - 6). Санатын жоғарылату, қызметін өсіру мақсатында мезгілінен бұрын аттестациядан өтуге;
 - 7). Бөбекжайдың педагогикалық қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға арналған 42 күнтізбелік күнге созылатын еңбек ақысы төленетін демалысын және сауықтыру жәрдемақысын төленумен алуға;
 - 8). Дербес педагогикалық қызметке;
 - 9). Кәсіптік абыройы мен намысын қорғауға;
 - 10). Білім беру ұйымдары мен олардың қызметкерлерінің білім беру және экономикалық қызметтерінің бастамасы болып табылатын материалдық активтер түріндегі (ғылыми, әдістемелік еңбектер, патенттер, бағдарламамен қамтамасыз ету, білім беретін ақпараттық технологиялар және тағы басқалар), басқа да меншік түрлерімен қатар, интеллектуалдық меншікті қорғауға;
 - 11). Білім беру ұйымдары әкімшілігінің бұйрықтары мен өкімдеріне шағым беруге;
 - 12). Педагогикалық қызметтегі табысы үшін материалдық және моральдық жағынан мадақтамаларға; орден мен медаль, құрметті атақтар, төсбелгілер мен мадақтамалар сияқты марапаттарға;
58. Тәрбиеші және басқа да педагогтар міндетті:
- 1). Тәрбиеленушілерге білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында қарастырылған деңгейден төмен емес білім, икемділік және дағды алуларын қамтамасыз ету;
 - 2). Тәрбиеленушілердің жеке және шығармашылық қабілеттерін ашу және дамуына көмектесу;
 - 3). Өз біліктілігін арттыру;
 - 4). Педагогикалық этика нормаларын қадағалау;
 - 5). Тәрбиеленушілер абыройын құрметтеу;
 - 6). Салауатты өмір салтын жүргізу және оны тәрбиеленушілер арасында насихаттау;
 - 7). Балаларға алғашқы медициналық жәрдем көрсете білуге және төтенше жағдайлар кезінде әрекет жасау;
 - 8). Медициналық тексеруден уақытында өтіп тұру;
59. Тәрбиеші және кәсіпорынның басқа да педагогтары тәрбиелеу мен оқыту процесі кезінде және баланың бөбекжайда болуы кезінде тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын сақтауға дербес жауапкершілік жүктейді;
60. Балаға кепілдік беріледі:
- 1). Өмірі мен денсаулығын сақтау;
 - 2). Дене және психикалық, моральдық зорлық-зомбылықтың барлық түрінен қорғау;
 - 3). Оның абыройын қорғау;
 - 4). Эмоционалдық және жеке қатынастағы қажеттіліктерін қанағаттандыру;

- 5). Баланың жасы мен жеке даму ерекшелігіне сәйкес тамақтану, ұйықтау, демалу және т.б. физиологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыру;
- 6). Мектепке дейінгі тәрбие мен білім берудің мемлекеттік стандартына сәйкес балалардың шығармашылық қабілеттері мен мүдделерін дамыту;
- 7). Мектепке дейінгі сапалы дайындық;
- 8). Дамыту кезінде болатын келеңсіздіктерді түзетуге көмек алу;
- 9). Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша білім алу;
- 10). Бейімділігіне, қабілеттілігіне, тілегі мен денсаулық жағдайына сай келетін қосымша (соның ішінде ақылы) білім беру және сауықтыру қызметтерін алу;
61. Ата-аналар (оларды алмастыратын тұлғалар) құқылы:
 - 1). «Балбөбек» жеке бөбекжайы балалармен жұмыс жасауға арналған білім беру бағдарламасын таңдауға;
 - 2). Баланың құқығы мен мүддесін қорғауға;
 - 3). Кеңесші дауыс құқығымен кәсіпорын педагогтары Кеңесінің жұмысына қатысуға;
 - 4). Балалармен жұмысты, соның ішінде ата-аналар комитеті арқылы қосымша (ақылы) білім беру және медициналық қызметтерді ұйымдастыру бойынша жұмыстарды жақсартуға арналған ұсыныстар жасауға;
 - 5). Бөбекжай меігерушісі және педагогтардың балалармен жұмысы туралы есебін тыңдауға;
 - 6). Бөбекжайдан өз баласының тәрбиесіне, тәртібіне және дамуына қатысты ақпарат алуға;
- 62). Ата-аналар (оларды алмастыратын тұлғалар) міндетті:
 - 1). Балалардың өміріне таза және қауіпсіз жағдай қалыптастыру, олардың интеллектуалдық және физикалық мүмкіндіктерінің дамуын, адам ретінде қалыптасуын қамтамасыз ету;
 - 2). Тәрбие және білім беру процесінде, сондай-ақ бес-алты жастағы балалардың мектепке дейінгі дайындығын қамтамасыз етуде мектепке дейінгі ұйым педагогтарымен бірігіп жұмыс істеу;
 - 3). Балалардың бөбекжай жұмысының режиміне сәйкес баруын қамтамасыз ету;
 - 4). Бөбекжай Жарғысын орындау;
 - 5). Бөбекжай мен әрбір баланың ата-анасы (оларды алмастыратын тұлғалар) жасасқан келісім-шарт шарттарын орындау.

Х. ЕҢБЕК ЖӘНЕ ЕҢБЕКАҚЫ

63. Әкімшілік пен бөбекжай қызметкерлері арасындағы еңбек қатынасы "Қазақстан Республикасындағы Еңбек туралы" Заңымен, осы Жарғымен анықталады.
- ..Мемлекеттік тапсырысты орындауға қатысушы жұмыскерлердің жалақысын төлеу мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің еңбекақысын

төлеу тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актілер негізінде жүзеге асырылады.

64. Бөбекжай қызметкерлері өз қызметін бөбекжай басшысымен бекітілген лауазымдық міндеттерге сәйкес жүзеге асырады.

65. Бөбекжайдың штаттық кестесі еңбекақы қоры мен Уәкілетті орган келісімі шегінде басшымен бекітіледі.

66. Бөбекжай қызметкерлерін жұмысқа қабылдау жеке еңбек шарты бойынша лауазымға тағайындау арқылы жүзеге асырылады, ал атқарылатын лауазымынан босату қолданылып жүрген заңнама мен жеке еңбек келісімі-шарт талаптарына сәйкес жүргізіледі.

67. Бөбекжай жұмыс режимін еңбек заңнамасында қарастырылған кепілдемелерді есепке ала отырып белгілейді.

68. Жұмыскерлерге еңбекақы төлеу жүйесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте анықталады, еңбекақысы мен лауазымдық жалақысы олардың біліктілігі мен функционалдық міндеттеріне сәйкес белгіленеді.

69. Жеке бөбекжай өзінде бар еңбекақы төлеу қаражаты шегінде, сондай-ақ ақылы білім беретін және басқа да қызметтер есебінен үстемақы, қосымша төлемақы, сыйақы және басқа да ынталандыру сипатындағы төлемдер мөлшерін дербес анықтай алады.

XI. БАҒА ЖӘНЕ БАҒА БЕЛГІЛЕУ

70. Білім беру және басқа да қызмет көрсету бағалары жергілікті атқару органымен реттеледі.

XII. ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ҚҰРЫЛЫМЫ

71. Мемлекеттік заңды тұлғаның мүлкі:

- Оған меншік иесі берген мүлік

- өз қызметі нәтижесінде ие болған мүлік (ақшалай табыстарды қоса алғанда)

- Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге көздер есебінен қалыптасады.

72. Құрылтайшының білім беру ұйымына бекіткен меншік нысандарын пайдалану тәртібі.

73. Құрылтайшы кәсіпорынға оның тәрбие және білім беру қызметін қамтамасыз ету мақсатында Жарғыға сәйкес меншік құқығы бойынша құрылтайшыға тиесілі меншік құқығы нысандарын (жер, ғимараттар мен құрылыстар, мүлік, жабдық, сондай-ақ тұтыну, әлеуметтік және мәдени сияқты басқа да қажетті бағыттағы мүлік) бекітеді.

74. Кәсіпорын өзіне бекітілген мүлікті жедел басқару құқығын иеленеді, меншік иесі мен құрылтайшы алдында өзіне бекітілген меншіктің сақталуына және тиімді пайдаланылуына жауап береді.

75. Кәсіпорынға заңнамада белгіленген тәртіп бойынша түсетін қаржылық, материалдық және валюталық түсімдер пайдаланылуы мүмкін:

- 1). Оқу-материалдық базасын нығайту үшін;
 - 2). Оқу жабдықтарын алу үшін;
 - 3). Тамақтандыруды жақсарту үшін жұмсалатын шығындарды жабу үшін;
 - . Балаларды тамақтандыру үшін;
 - 4). Қамтамасыз ету шығындары үшін (еңбекақы, азық-түлік тағамдарын алу, жабдықтар мен құралдар алу, толық жөндеу, шаруашылық және басқа да шығындар);
 - 5). Ағымдағы жөндеу және жабдықтарды жаңарту үшін;
 - 6). Балалар алаңын құру үшін;
 - 7). Сауықтыру шаралары үшін;
 - 8). Қосымша төлемақы, үстемақы, сыйақы және басқа да ынталандыру сипатындағы төлемдер белгілеу үшін;
 - 9). Жабдық, құрал (соның ішінде жұмсақ) және арнаулы киім алу үшін;
 - 10). Шаруашылық шығындары үшін (жылу, электр қуаты, сумен қамтамасыз ету төлемдері және басқа да коммуналдық шығындар, күнделікті және шаруашылық мақсаттарға арналған заттар мен жабдықтарды алу, ғимараттарға қызмет көрсетуге арналған төлемдер, көлік қызметі төлемдері мен тауарларды алуға шығатын басқа да шығындар);
 - 11). Ғимарат пен құрылысты қайта құру және толық жөндеу шығындары;
 - 12). Музыкалық аспаптарды жөндеу үшін.
76. Қаржыландыру көзі, қызметті материалдық-техникалық қамтамасыз ету, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру.
77. Жергілікті бюджет қаражаты қаржыландырудың және материалдық-техникалық базасын қамтамасыз етудің негізгі көзі болып табылады;
78. Заңнамада белгіленген басқа да қызмет көрсетуден алынған табыс;
79. Басқа жеке және заңды тұлғалардың ерікті құрбандықтары, банк және басқа да кредит берушілер кредиттері;
80. Қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес басқа да көздер.
81. Бөбекжай Орал қаласының білім беру бөлімімен бекітілген МдҰ-ның қызмет ету процесі кезінде алынған барлық қаржылық және материалдық құралдарын Жарғыға сәйкес пайдаланады және Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылмаған болса пайдаланудан алуға жатпайды.

XIII. ЕСЕП ЖӘНЕ ЕСЕП БЕРУ

82. Бөбекжай шаруашылық қызметті талдау және мемлекеттік бақылау үшін өз қызметі нәтижелерін есепке алуды жүзеге асырады, заңнамамен белгіленген тәртіп бойынша бухгалтерлік және статистикалық есепті жүргізеді.

83. Бөбекжайдың қаржылық-шаруашылық қызметін бақылауды мемлекеттік басқару органдары мен басқа да мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

XIV. КӘСІПОРЫН ҚЫЗМЕТІН ТОҚТАТУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

85. Бөбекжай өз міндеттемесі бойынша тек өзінің қарамағындағы ақша бойынша жауап береді.

86. Бөбекжай қызметін тоқтату (қосу, біріктіру, бөлу, қайта құру) қайта құру және тарату құрылтайшы шешімі арқылы жүргізіледі.

87. Топтарға бекітіліп берілген мүліктер әр жыл соңында болатын инвентаризация кезінде жетіспеген жағдайда, жауапты қызметкерден бөбекжай директоры талап етуге құқылы.

XV. БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ ЖАРҒЫСЫН ӨЗГЕРТУ ТӘРТІБІ

88. Жарғыға енгізілетін өзгертулер мен толықтыруларды бөбекжайдың педагогикалық кеңесі дайындайды және құрылтайшы қарастыруына ұсынылады.